

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024
“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”
академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,
Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PHILOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024

“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Akhmet Baytursynuly Readings -2024

PROCEEDINGS

**of the international scientific and theoretical conference
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

Астана қаласы

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А 11

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,
Н. Аитова** (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Сарекенова,
С. Жанжігітов**

А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024. “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

Akhmet Baytursynuly Readings – 2024. Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....	4
Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі	7
Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....	10
Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....	15
Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....	19
İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri	21
Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....	23
Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....	30
Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими	35

1-СЕКЦИЯ.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics	38
Абеннова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....	40
Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ)	46
Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракима” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....	60
Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....	64
Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....	68
Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields	73
Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.	74
Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....	79
Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....	83
Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі	87
Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты	91
Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша).....	94
Ермекбаева М.	
Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....	98
Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....	103
Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код	107
Кемельбекова Э.	
Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі	111
Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы:	
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....	117

Кыйсыкова А. Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар	120
Куанышев А.С. Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....	123
Молдабай Ф.Ж. «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер	126
Наушабекова Г.А. Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....	129
Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж. Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....	131
Тәттібаева А.Е. Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....	136
Темірхан А. Метафораның тілдегі орны мен мәні.....	140
Тоқтасынова Д.Ғ. «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр».....	141
Sharibzhanova G., Moldabaeva K. Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci)	149
Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф. Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....	153

2-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдуова Б. Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....	157
Абдиров Ө.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі	161
Аканова А.И. Мифологиялық демонимдер.....	166
Allamuratova Z. M. Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı	169
Демесинова А.А. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері	172
Жанболат Ә.Ж. Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы	175
Жүнісқали Ә.Қ. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша).....	178
Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А. Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү	183
Пирниязова А.Қ. Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....	189
Тұрысбек Р.С. Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде	192
Raximboyeva X.G. Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....	198
Сағиданова Г.А. “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар	200
Серік М.А. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....	203

3-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Баймуханбетова М.Б. Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....	208
Дүсіпбаева Қ.С. Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....	211
Аренова Ж.С. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері	214
Ергешбай Н.Б. Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....	217
Еркін А. Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар	221

Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....	227
Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б. Language competence: content and structure	232
Капшаева Г.А. А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану	239
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы	241
Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е. Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі	246
Усенова Ш.Н. Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....	251
Қасымқұл Ф. Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері	253
Қуанышбаева Н.А. Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану	258
Саткенова Ж., Серікқызы Ж. Сандық коммуникациядағы қазақ тілі	262
Сырбаева С. Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....	265
Шоқабаева С.С. Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері	268
Fatima Hajizada Elshan. Linguistic Distinctions Between American and British English.....	271

2-СЕКЦИЯ. ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Б.С. Абдуова

*филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан Республикасы
Bayan1968@mail.ru*

РӘБИҒА СЫЗДЫҚ – ТІЛ МӘДЕНИЕТІНІҢ САҢЛАҒЫ

Аннотация. Казахский язык – богатый, красивый, полный выразительными оборотами язык. Наши предки хранили его, как зеницу ока, и передали как завет будущим поколениям. Абай, Ы. Алтынсарин, деятели партии «Алаш», а также защитники языка призывали сохранять естественную красоту, сущность и чистоту казахского языка, не поддаваясь влиянию других языков. Однако, даже после обретения независимости нельзя сказать, что чистота, красота и применение казахского языка значительно улучшились. Основные причины этого заключаются в том, что официальные тексты, включая законодательные акты и документы, сначала пишутся на русском языке, а затем переводятся на казахский. Это приводит к тому, что родной язык выходит на второй план.

Одной из главных задач нашей страны является правильное и эффективное использование богатств казахского языка. Академик Рабига Сыздык посвятила многие годы исследованию такого важного направления, как культура языка. Она проводила специальные исследования и не раз писала статьи на эту тему. Ученый считает, что главной целью культуры языка сегодня является повышение уровня культуры его использования. Для этого, по мнению академика, необходимо, в первую очередь, сократить неоправданное влияние русского языка, максимально использовать весь словарный запас казахского языка и усилить его роль в научной сфере. Кроме того, она подчеркивает необходимость детального рассмотрения вопросов национальных норм художественной литературы.

Ключевые слова: культура языка, словарный запас, правильное использование языка, литературная норма, научный стиль, казахский язык.

Annotation. The Kazakh language is rich, beautiful, and full of expressive turns of phrase language. Our ancestors preserved it as a precious treasure and passed it down as a legacy to future generations. Abai, Y. Altynsarin, leaders of the Alash movement, and language advocates called for preserving the natural beauty, essence, and purity of the Kazakh language, resisting the influence of other languages. However, even after gaining independence, it cannot be said that the language's purity, beauty, and usage have improved significantly. The main reason lies in the fact that official texts, including legislative acts and documents, are initially written in Russian and only then translated into Kazakh. This leads to the native language being relegated to a secondary position.

One of the primary tasks of our country is the proper and effective use of the wealth of the Kazakh language. Academician Rabiga Syzdyk devoted many years to researching the important area of language culture. She conducted specialized studies and regularly published articles on this subject. According to her, the main goal of language culture today is to enhance the quality of its use. To achieve this, the academician stressed the need to reduce the undue influence of the Russian language, fully utilize the Kazakh language's vocabulary, and strengthen its role in scientific discourse. Moreover, she emphasized the importance of thoroughly examining the national norms of literary language.

Keywords: language culture, vocabulary, proper language usage, literary norms, scientific style, Kazakh language.

Қазақ тіл білімінде әдеби норма, тіл мәдениеті туралы нақты ғылыми тұжырымдар өткен ғасырдың жетпісінші жылдары кеңірек сөз бола бастады. М.Балақаевтың «Қазақ тіл мәдениетінің мәселелері», «Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту» деген еңбектері, Р. Сыздықтың «Қазақ тілі жайында анықтағыш» атты оқу құралы, «Сөз мәдениеті және баспасөз», «Өрелі өнер» (тіл мәдениеті туралы), «Сөз өнері (тіл мәдениеті туралы), Н.Уәлиевтің «Сөз мәдениеті», «Фразеология және тілдік норма» атты еңбектері соған дәлел. Ал енді жалпы норма қалай болуы керек, тіл мәдениетінің өзіндік белгілері қалай деген сауалдарға белгілі ғалымдардың емес, академик Р.Сыздықтың тұжырымдары арқылы жауап іздестіріп көрейік. Ғалым «тіл мәдениеті дегеніміз, біріншіден, ол – бұл күнде қазақ тіл білімі

зерттейтін қолданбалық мәні зор саланың атауы ретінде біршама қалыптасқан термин, екіншіден, ой-пікірді тіл арқылы білдіруде сөздерді орнымен жұмсап, сөйлемдерді дұрыс құрастырудан өзге де сәттер бар екені, яғни түзулікті, дұрыстықты («мәдениетті»), жазудағы сауаттылықты, сөйлеу актісіндегі сөздерді дұрыс дыбыстай білу» деп талдайды. Бұлардан басқа норма мен узустың қолданысын ажыратады.

Норма деген не? Узус деген не? Ғалымның пікірінше, нормативтік бірліктер – қолданылып кеткендер, ал узус дегеніміз – әдеттегі тілдік жүйеге негізделген норма емес, тілдік дағды, тіпті узустың бір айырым белгісі – оның тілдік жүйеге қайшы келетіндігі деп санайды. Узустық қолданыстың барлығы бірдей белгілі бір жүйе түзетін бірліктер болып шықпайды. «Айталық, әйел адамдарды азаматша, мұғалима, комсомолка, төрайым деп «женский родқа» көшіріп бөлек атаушылық бар. Бұл – бір жағынан, орыс тілінің ықпалы болса, екіншіден, араб тілінен енген мұғалима сияқты кейбір сөздердің, әсіресе адам аттарының жынысқа қарай ажыратылатын үлгісі (Ғазиз – Ғазиза, Латип – Латипа, Фәрид – Фәрида), үшіншіден, қазақ тілінің өзінде аға-апа, әке-шеше, апа-жезде, аға-қарындас сияқты лексикалық коррелятивтер әсер еткен болар, бірақ соңғылар морфологиялық емес, лексикалық қатарлар. Дегенмен бұл – қазақ тілінің жүйесі мен құрылымына қайшы қолданыстар: қазақ тілінде «род» («жыныстық») категориясы жоқ: ақын десек, ол ер адам да, әйел адам да болады, егер міндетті түрде әйел адам екенін атау керек болса, ақын қыз, ақын әйел, ақын апа деп аналитикалық жолмен атаймыз. Сірә, азамат-азаматша, мұғалім-мұғалима сияқты жіктеп керек емес» деп узустың нормамен ара жігін тарқатып береді.

Ғалым Р.Сыздықтың назар аудартатын тағы бір мәселесі – әдеби нормадан уәжді және уәжсіз ауытқу жайлы пікірлері. Зерттеушінің ойынша, бұндай ауытқушылықтардың болуының өзі – тіл мәдениетінің өзекті проблемасы. Ғалым уәжсіз ауытқулардың түрлеріне тоқталады. Олар:

1) әдеби баламасы бар жерде ешбір стильдік не өзге мақсат көздемей диалектизмдерді, қарапайым сөздерді жұмсау, бұл – көбінесе тілге жауапсыздықтың немесе әдеби норма мен нормадан тысқары тұратын бірліктерді айыра білмеушіліктердің салдарынан пайда болады;

2) қажетсіз тұста жаңа жасанды тұлға (сөз) ұсыну (мысалы, *касса жұмыстады*) және оның мағына жағынан сәтсіз шығуы;

3) штампқа айналған ерғашқы тіркестерге үйірсектік (*майталман тракторшы, биік тұғырдан көріну, ырғақты жұмыс* т.т.);

4) сөз мағынасын, әсіресе көне, сирек сөздердің беретін ұғымын дұрыс білмей жұмсау, бұл ауытқу көбінесе теледидар мен радиода, газет-журнал беттері мен көркем әдебиетте кездеседі (мысалы, теледидардан: Чилидің бұрынғы билеушісі Пиночет туралы: 82 жасар Пиночет – (дұрысы *жастағы болса керек, жасар – баланың жасына қатысты айтылады*: бір жасар, бес жасар);

5) әдеби тіл нормасынан, тіпті жалпы сөйлеу тәжірибесінен шығып қалған араб, парсы сөздері мен морфологиялық элементтерді тықпалау (*һәм, уа һәм, -и* жұрнағын жандандыру: *әйели, заңи*);

6) ғасырлар бойы қалыптасқан тұрақты тіркестерді, мақал-мәтелдерді стильдік мақсат көздеп, өлең шарттарына жауап беру үшін емес, жай баяндауларда (көбінесе көркем әдебиет пен публицистикада) компоненттерін ауыстырып жіберу (мысалы, *«ағайынға қадірім жоқ – бетімді көреді, қатыныма қадірім жоқ – етімді көреді»* деген мәтелді жазушы Қ.Ысқақов *«ағайынға қадірім жоқ – аруағымды біледі, қатыныма қадірім жоқ – тәнімді көреді»* деп өзгертіп қолданған.

Сол секілді *«той тойға ұлассын»* деген тілекті *«той тойға жалғаса*

берсін» деп өзгертіп қолданғанда, әрине, *ұласу* мен *жалғасу* сөздері синонимдер болғандықтан, мағынасына нұқсан келмейді, бірақ тілек-бата сөздерінің бір белгісі мейлінше ықшамдылығы, дыбыс гармониясы (о ~ ұ: той тойға ұлассын) бұзылып тұр. Мұндай ауытқулар жеке сөздер мен тіркестердің өз орнында дұрыс қолдану нормасын бұзады, екіншіден, стильдік көркемдік нормадан шығып кетеді.

Негізінде «мақал-мәтелдер – халықтың ғасырлар бойы түйген философиясы, даналығы ғана емес, тіл маржандары, әбден ықшамдалған, әрбір сөзінде бірнеше қосалқы мағына бар әрі құлаққа жағымды сазды ғаламат дүние екені мәлім. Демек, тілдің ғасырлар бойы сомдалған асыл бұйымдары: тұрақты бейнелі тіркестер мен мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, бата-тілектерді өз мағынасында және құрамына қиянат жасамай қолдану – тілдің бүгінгі мәдениетіне, сындарлығын сақтауда қойылатын талаптың бірі» [1] деп тұжырымдайды ғалым.

Р.Сыздықтың тіл мамандарына ғана емес, жалпы көпшілікке де айтар талабы болды. Ғалымның пікірінше, лексикалық қазынаны байыта түсу мақсатын жалау етіп, қазіргі қазақ тілін әдеби нормадан тысқары тұратын элементтерді, оның ішінде әсіресе жергілікті сөздерді ешбір уәжсіз қолданудан сақтандыру қажет. Сондай-ақ, көне, сирек сөздердің де қолданысына қатаң қарау, олардың мағынасын дәл біліп, орнымен жұмсауды, көпшілікке түсініктілігін талап ету де назардан тыс қалмағаны жөн.

Қазір БАҚ болсын, көпшілік алдындағы баяндамашының болсын, сөз мәнерінде, ой толғамдарында өзі дұрыс деп тапқан сөздік оралымдардың қате болса да жиі кездесетіні анық. Р.Сыздық «Кейбір ұсыныстар жеке адамдардың «меніңше, былайшасы – дұрыс, былайшасы – бұрыс» деген сияқты ғылыми дәлелсіз, тек жеке бастарының танымына (дәлірек айтсақ, талғамына) қарай айтылған пікірлер түрінде көрініп келеді, яғни бұл жерде дилетанттық сипат та жоқ емес. Дилетанттық тұжырымдар әсіресе тіл маманы емес, жазушы, журналистердің аузынан (қаламынан) жиірек шығады. Дилетант деп өзінің мамандығынан, білім-танымынан аулақ тұрған саланың мәселелерімен әуестенушіні атаймыз. Дилетант мәселеге арнайы дайындықсыз келіп, үстіртін пікір айтады. «Өлеңге әркімнің де бар таласы» дегендей, тілге келгенде де, әркімнің өз танымы, өз байламы, өз бағасы болады. Мәселенің ғылыми негізін қаузап, арнайы зерттелмегендіктен, дилетанттардың пікірлері субъективтік болып шығады» деп қазақ тілінің табиғи таза болмысына нұқсан келтіре беруге болмайтынын қадап тұрып айтады.

Академик Р.Сыздықтың әдеби норма мен тіл мәдениетіне қатысты ойлары мен тұжырымдарын түгел сүзіп, талдап, зерделеу өте ауқымды жұмыс бола алады. Ғалымның пікірінше, тіл мәселесіне, оның мәдениетіне, жұмсалып нормаларының түзу-терістігіне қатысты дилетантизм мен субъектизмнің пайдасы мен зиянын айыру қиынырақ соғады, кейде пайдасынан зияны көбірек болуы да мүмкін. Сөйтіп, «тіл мәдениеті» деп нені танимыз? Мәдениет деген сөздің семантикасында «дұрыстық», «түзулік», «тәртіптілік», «жүйелілік», «реттілік», «қисындылық», «сәйкестік» деген сияқты мағыналық реңктер (семалар) жататыны белгілі. Бірақ әңгіме ненің дұрыстығы, немен сәйкестігі, қандай реттілік, қандай тәртіптілік, ненің қисыны деген сияқты сұрақтарға жауап іздегенде, «тіл мәдениеті» деген құбылыстың заттық, ұғымдық мәні күрделі екендігі байқалады.

Тіл өнерін барлық өнердің асылы ретінде бағалаған аға буынның бүгінгі жастарға айтар ақыл-кеңесі біреу – туған тілдің қадірін білу. «Бұдан 20-30 жыл бұрын, әдеби тілдің енді қалыптаса бастаған кезеңінде біреу біліп, біреу білмейтін, не көп қолданылмайтын мыңдаған сөздер әдеби тіл қазынасына енді, жарыса, қатарласа айтылатын түрлі сөздер мен грамматикалық тұлғалар көбейді. ... Кейбір жазғыштар әдеби тілге үш қайнаса сорпасы қосылайтын сөздерді «біздің елде айтады» деп қаптата береді», – деген тіл зерттеушісі М.Балақевтың тұжырымына [2, 65-66] ғалым Р.Сыздықтың тұщымды ойлары сәйкес келеді. Ол қазіргі тілдегі өрескел қателіктерге, сөз бұзушылыққа ренішін білдіре отырып, сынайды. Шынында тіл мәдениеті сөздің қордың көптігімен өлшенбейді, сол сөздерді орынды пайдалана білу дағдысымен бағаланады. Сөз мағынасы мен мәнін тереңінен түсіну, әдеби және әдеби емес сөздерді ажырата білу, тіл тазалығына мұқият болу дағдылары тілге жаны ашыған әр адамның бойында дамитын қасиеттер болмақ. Ой – айқын, сөз – орынды, мазмұн – ұғынықты болған кезде тілдің мәртебесі өседі.

Тілдік норманың өзі «дұрыс» деп бағалануы үшін ол тілдің құрылымдық заңдылықтарына сай келуі керек. Мысалы, бұл күндерде қазақ тілі сөздігі тәлімгер, айтыскер, жүлдегер, иегер, саясаткер сияқты ондаған жаңа тұлғалармен толығуда және олар нормативтік

элементтер ретінде әдеби тілден берік орын тебуге. Бұл неологизмдер сөзжасам жүйесінде бар нормаға сай келіп тұр: -гер – адамның кәсібін, мамандығын, бір нәрсеге қабілеттілігін білдіретін жұрнақ: саудагер, жұмыскер, қызметкер т.т.

Зерттеушінің пікірінше, тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру.

Мысалы, **-ыр/ір, -ар/-ер** тұлғалы есімшеге **-ман /-мен** жұрнағы жалғанғанда, ол тұлға қазақ тілінің жалпы құрылымдық нормасы (заңдылығы) бойынша алдымен, затты, құбылысты емес, қимылды білдіреді, яғни етістік болып қалуы керек және ол әлі орындалмаған, бірақ жүзеге асуға таяп тұрған, енді-енді орындалатын іс-әрекетті білдіруі тиіс. Мысалы, ол жыларман болды дегенде, «ол адам әлі жыламаған, бірақ жылауға тақау» деген ұғымды береді. «Көшерменде жұрт жаман, тастарманда қатын жаман» деген мәтелде көшермен тұлғасы ауылдың әлі орнынан қозғалмаған, бірақ көшпелі шаруашылық қамымен тозған орынды ауыстырып, отты-сулы жаңа өңірге көшу қажеттігі таянған қам-қарекетті білдіреді, ауыл әлі көшкен жоқ, бірақ енді-енді көтерілетін кезі туғанда, тозған жұрт «жаман» деген баға алады, тұздары жараспаған жұбайлар да – сондай, қазақтың бұрынғы (мәтел дүниеге келген кездегі) саясатында мұндай жұбайлар қазіргідей тепе-тең тұрып соттасып айырылыспайды, ері әйелін «тастайды»: төркініне қайтарады, үстіне әйел алады немесе басына отау тігіп, алдына мал салып, бөлек шығарады. Қазақтың әдет-ғұрып заңы («Обычное право казахов» деген заң) бойынша да, мұсылман дінінің шариғаты бойынша да бір күнде әйелін «тастай салу», ажырап кету оңай болмаған, тастай алмай, бірақ қарым-қатыстары соған әбден жақындаған сәтті қазақ «тастарманда» деп бір тұлғамен білдірген. Қысқасы, **-ар + -ман** жұрнақтарымен жасалған тұлға қимыл, іс-әрекет семантикасын сақтаған.

Ал 60-жылдардың ішінде әдеби тілімізде оқырман, көрермен, тыңдарман деген, 90-жылдардың соң кезінде оралман деген атаулар пайда болды. Бұлар енді етістік емес, есім (зат есім) сөздер, әлі орындалмаған, бірақ орындалуға таяу тұрған іс-әрекетті емес, сөз түбірі білдіретін қимылдың, іс-әрекеттің (оқу, көру, тыңдау, оралу сияқты) иесін, орындаушысын атайтын атау сөз, тіпті термин сөз болып тұр. Соңғы оралман тұлғасы морфологиялық норманың шырқын мүлдем бұзып тұр, өйткені адамдардың қимылына, іс-әрекетіне, кәсібіне т.т. қарап келмен, күлмен, жүрмен, ойнаман, жазман, сызман деп атамаймыз ғой. Бұл – нормада жоқ, қазақ тілінің құрылымдық заңдылықтары мұндай норманы білмейді, оған жібермейді. Соған қарамастан, шет жұрттардан өз отанына қайтып келіп жатқандарды «оралман» деп атап, оны ресми терминге айналдырып та алдық. Бұл сөздер тілдік нормаға сай емес, қайшы келетіндігіне қарамастан, қазіргі әдеби тілімізге енді, оларды әсіресе публицистикалық стиль, яғни бұқаралық ақпарат құралдары: газет, журнал, радио, теледидар, сондай-ақ ресми құжаттар (кеңсе-іс қағаздар стилі) жиі қолданып, тез тұрақтандырып келеді.

Тілдік табиғи нормаға кереғар мұндай қолданыстардың пайда болу себептері неде? Тұлға тілдің құрылымдық ішкі нормасына қайшы келетіндіктен, оның пайда болу уәжі лингвистикалық сұраныстан шықпаған, ол – жүйелі құбылыс емес. Демек, бұл жерде уәжді, яғни себебін, мотивін тілдің өз заңдарынан тыс «экстралингвистикалық» деп аталатын сұраныстардан іздеу керек. Бұл күнде оқырман деп атап отырған іс-қарекет иесін көпке дейін оқушы деп келдік. Соңғы оқушы деген тұлға мектепте оқитындарды атайтын терминді де білдіреді, ал ертеректе: өткен XIX ғасырда, тіпті XX ғасырдың басында мектеп оқушыларын бірде шәкірт, бірде оқушы, бірде тіпті бала (Кел, балалар, оқылық – Ыбырай Алтынсарин) деп атағанымыз белгілі.

Бұл айтқанымыздың барлығы – бүгінгі тіл қолдану тәжірибемізде жаңа атаулардың ондап-жүздеп пайда болып жатуының себептерін көрсету. Баса айтуға болатын жайт – жаңа лексикалық бірліктердің дені (өзге тілдерден аудармай қабылданатындарын, яғни кірме сөздерді қоспағанда) қазақ тілінің құрылымдық нормаларына сай жасалатындығы. Ал жоғарыда көрсетілген, **оқырман, көрермен, оралман** сияқты сөздер тілдің құрылымдық заңдылығына қайшы жасалғанмен, бүгінгі лексикалық қазынадан нық орын алып отыр.

Адам бар жерде тіл мәдениеті көрініс табады, яғни адам да, тіл де бір-біріне өмір сүре алмайды. Кез келген халықтың өзіне қадір тұтатын тілі бар, ол қарым-қатынас құралы ананың үнімен құлағына келіп ұялайды. Ананың сүтімен ол тілге деген сүйіспеншілік, құрмет, мақтаныш, жауапкершілік дағдылары қалыптасады. Ана тілінің тазалығын сақтау, оның көркемделе түсуіне өзіндік үлес қосуға деген азаматтық пиғыл әр адамның бойына дарып жатса, ол халықтың тілі ешқашан өлмейді. Ғасырлар бойы атадан мирас болған дана ойлар мен салықалы тұжырымдар тіл арқылы жеткен, тіл ұлттық қазынаны сақтаған. «Өнер алды – қызыл тіл» деген түйінді ой жасаған қазақ халқы адамның сөйлеу шеберлігіне үлкен мән берген.

Бұл күнде диалектизмдерді, ауызекі сөйлеу тілі элементтерін: қарапайым сөздер мен фонетикалық өзгеше тұлғаларды әдеби айналымға түсіру, яғни оларды көркем әдебиетте ғана емес (бұлар көркем шығармаларда кейіпкер тілінде қолданыла беретін сөздер ғой), өзге функционалдық стиль үлгілерінде, әсіресе публицистикада орын алу тенденциясы бары байқалады. Жергілікті тұлғалар мен қарапайым сөздерді активтендіру әуелі көркем әдебиетте, оның ішінде проза жанрында көзге түсіп отыр. Жазушылардың біреуінде сәтті қолданылған-ау деген сөзді екіншілері «қағып алып» кететіндіктері сезіледі. Мысалы, пошым, бозымбай, бағамдау, сүркілу, кермалдасу, жоқантопай, усақы, оңаза, мондыбас, құйынперен сияқты сөздердің біраз жазушылардың тілінде, тіпті газет-журнал беттерінде жиірек көріне бастауы осыны дәлелдейді.

Норма – тарихи-өзгермелі құбылыс болғандықтан, тіл дамуының бір кезеңінде норма ретінде қабылданған (қолданылған) тілдік элемент екінші кезеңінде нормадан ығыстырылуы мүмкін және керісінше, өйткені тілдік норманы анықтауда әлеуметтік талғам негізгі рөл атқарады, ал әлеуметтік талғамды күнделікті өмір қажеттігі, тілді пайдалану практикасы белгілейді. Осы себептен кейде тілдің құрылымдық заңдылығына сай келмейтін қолданыстардың да норма деп танылып, әдеби тілден орын алуы мүмкін. Тіл мәдениеті атқаратын міндеттерінің бірі – қай қолданыс бұл күнде норма болып табылады, қайсысы – жоқ деген мәселелерді түбегейлі зерттеу. Өйткені тілдің мәдениетін танытатын шарт – тек жоғарыда салалап көрсетілген нормаларды ұстанып қана қою емес, ол нормалардың өздерінің дұрыстығын, сындарлығын тап басып тану және дұрыс деп қабылдау. Ғалым Р.Сыздықтың тіл мәдениеті жайлы жазған көптеген еңбектері тіл мамандарына ғана құнды дүние болмай, қазақтың ғылыми саласында мәңгілік мұра боп қала берері анық.

Әдебиеттер

1. Сыздық Р. Қазақ тілі мәдениетінің бүгінгі проблемалары // ҚР ҒМ ҒА Хабарлары тіл, әдебиет сериясы. Алматы, 1997. №6. 3-7-бб
2. Балақаев М. Қазақ тілі білімінің мәселелері. Алматы: Арыс, 2008.–592б.
3. Сыздық Р. Сөз құдіреті. Алматы: Санат, 1997. – 224 б.
4. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. - Алматы, 1984
5. Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. - Алматы, 1998

Ө.Қ. Абдиров

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті докторанты
Қазақстан, Астана қ.
E-mail: orken1996@mail.ru*

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК АНТИПАРЕМИЯЛАР: INSTAGRAM КОНТЕНТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа Мақалада Instagram желісіндегі қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар талданып, олардың мазмұндық, құрылымдық және прагматикалық ерекшеліктері зерттелген. Материалдар дәстүрлі инварианттармен салыстырылып, лексика-семантикалық, синтаксистік сипаттары мен мәдени-этнолингвистикалық негіздері анықталды.

Кілт сөздер: антипаремия, антимақал, гендерлік лингвистика, паремиялогия